

Ақмола облысы білім
басқармасының
«Ақмола дарыны» дарынды
балалар мен талантты
жастарды анықтау және қолдау
жөніндегі орталығы» КММ
басшысы
Е.Оразов
«15» «02» 2024 ж.

**«Менің Отаныма – менің бастамам» Республикалық шығармашылық
жобалар байқауының облыстық кезеңін өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Менің Отаныма – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауының мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру, Қазақстан азаматын базалық ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Байқаудың міндеттері:

1) негізгі рухани-адамгершілік, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды, салауатты өмір салтын, мейірімділікті, азаматтықты және патриотизмді насихаттау, балалар мен жастардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;

2) балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділіктерін, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін дамыту;

3) бастамалар және инновациялық стартаптарды жүзеге асыру үшін алаң құру;

4) балалар мен жастардың жобалық қызметтерінің табысты тәжірибесін бағалау және тарату;

4. Байқауды Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы құрайды, байқауды өткізеді және қорытындысын шығарады.

6. Байқауды өткізу уақыты мен орны

Байқау 2024 жылғы 18-19 сәуірінде Сандықтау ауданы, Сандықтау ауылы «Жас дәурен» жыл бойы сауықтыру лагерінде өткізіледі.

Аудандық/қалалық білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінімдер (1 қосымшаға сәйкес, *туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған тегі, аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының және үйінің мекенжайы, телефоны, топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;*) `oimc_mo24@mail.ru` электронды поштасына **2024 жылғы 11 сәуірге** дейін қабылданады. 11 сәуірден кейін жіберілген өтінімдер қабылданбайды.

Қатысушылар мен топтың жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығына жіберуші тарап жауапты.

7. Байқауға қатысушылар

Байқауға қатысушылар – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының **11-17** жастағы білім алушылары.

Қатысушылардың жасы ағымдағы жылғы **5 мамырдағы** жағдай бойынша анықталады.

Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық/қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады.

8. Байқауды өткізу тәртібі

Республикалық байқау екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік байқау;

аудандық (қалалық) байқау;

облыстық;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Жақсылық керуені» номинациясы. Әлеуметтік жобалар байқауы мынаған бағытталған:

қарт адамдарға, әлеуметтік осал топтағы балаларға және басқаларға қолдау және көмек көрсету;

кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мінез-құлық әрекеттерін алдын алу;

халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды бейімдеу;

балаларды табиғи апаттар салдарын жеңуге және жазатайым оқиғалардың алдын алуға дайындауға бағытталған әлеуметтік жобалар байқауы.

2. «Отаным - қасиетті туған жерім» номинациясы. Шығармашылық жобалар байқауы келесі мақсаттарға бағытталған:

жаңа еріктілер жасақтарын құруға және дамытуға;

әлеуметтік маңызды істерді ұйымдастыруға, оның ішінде бос уақытты ұйымдастыру бойынша балаларды белсенді қызметке тартуға;

салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

3. «Мен – Қазақстанның азаматымын» номинациясы.

Шығармашылық жобалар байқауы келесі мақсаттарға бағытталған:

барлық этностардың мәдени ерекшелігін сақтау жағдайында қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани және мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне азаматтарды тарту;

қазақ тілі мен үш тілдің тұтастығын дамыту;

отбасының адамгершілік негіздерін, оның тәрбиелік рөлін нығайту, балалар мен жастар ортасында Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени дәстүрлеріне, тіліне және отбасылық құндылықтарына толерантты және құрметпен қарауды нығайтуға бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

4. «Менің ашық университеттерім» номинациясы. Шығармашылық жобалар байқауы келесі мақсаттарға бағытталған:

«мектеп – ата-ана» тиімді ынтымақтастық бағытын дамыту;

мектептегі өзін-өзі басқару органдарының әлеуметтік бағытталған қызметін дамыту және жасөспірімдердің кент, қала, өңір деңгейінде өзекті мәселелерді шешуге азаматтық көзқарастың маңыздылығын түсінуі үшін жағдайлар жасау;

мектептегі өзін-өзі басқару органдарының әлеуметтік жобаларды әзірлеу мен іске асырудың шығармашылық тәжірибесін жалпылауға ықпалдасу;

ақпараттық, білім беру ортасын дамыту, балалардың ақпараттық кеңістігін дамыту;

әлеуметтік бағдарланған сайттар, интернет-ресурстар құру, білім беру және кәсіби бағдарды жобалау және т. б. бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

5. «Қазақстанның жеті кереметі» номинациясы. Қоғамның, жеріміздің табиғи, тарихи және мәдени игілігі туралы ақпараттандырылуына ықпал ететін жобалар байқауы – палеолиттен ХХІ ғасырға дейінгі түрлі дәуірлердің сәулет ғимараттары мен ескерткіштері, Каспий теңізінен Жоңғар Алатауының жотасына дейінгі табиғат кереметтері.

6. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясы. Қоғамда танымал және ақпараттық ілгерілету идеясының жетістігі, принциптерін бәсекеге қабілеттілігін, ғибадат прагматизм мен білімін мысалдар арқылы Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан адамдар туралы шығармашылық жобалар байқауы. Бұл адамдар – біздің замандастарымыз, олардың өмір жолы мен жетістіктері – бәріне үлгі.

7. «Жаңғырту полюсі» номинациясы. Байқау мәдени мұраны сақтау және жаңғырту; шығармашылық әлеуетті және әр түрлі өнер түрлерін дамыту, бос уақыттың жаңа түрлерін құруға ықпал етуге бағытталған жобалар байқауы.

8. «Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар және мәні» номинациясы – отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шығармашылық жобалар байқауы келесі мақсаттарға бағытталған:

отбасының, білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің отбасылық тәрбие мен әлеуметтендіру саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту;

отбасы мен қазақстандық қоғамның рухани денсаулығының негізі ретінде отбасылық шығармашылық пен отбасылық құндылықтардың сабақтастығы мен қолдауы.

Байқау жұмысын қорғау уақыты – **5 минут**. Шығармашылық және әлеуметтік жобаларда көрнекі материалдар (макеттер, модельдер, бейне және т.б.) пайдаланылады. Аталған номинациялар бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау әрбір топ үшін міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобадан ұсынады.

Шығармашылық жобаларды бағалау өлшемдері:

1) жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;
2) шығармашылық жобаның әлеуметтік тиімділігі – шешілетін әлеуметтік мәселенің өзектілігі және жобаның маңыздылығы, автордың жеке үлесі;

3) жобаны іске асыру үшін қажетті шарттарды сипаттау (жеке, материалдық-техникалық, ақпараттық);

4) әлеуметтік мәселелерді шешудегі жаңашыл көзқарас;

5) зерттеудің жаңалығы, жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Жобаны қорғау кезінде жұмыс авторы мынаны ашуы керек:

- жұмыстың мақсаты;

- тақырыптың өзектілігі;

- қойылған мақсатқа жету әдістері;

- нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығы;

- жұмыстың негізгі қорытындылары.

Жобаны қорғағаннан кейін қазылар алқасының әрбір мүшесі байқау жұмыстарды бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша ұпайларды қоя отырып, бағалау парағын толтырады.

9. Байқау қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері - алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

10. Байқауды қаржыландыру

Байқауға қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге келетін және кері қайтатын жол ақысы және жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді. Байқауды өткізу кезіндегі қатысушылардың тамақтануы облыстық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін **8(7162) 40-25-50, 8 7472048722** (Оспанова Ляйля Ерлановна) телефондарына хабарласуға болады.

«Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалардың республикалық байқауына қатысуға өтінім

| Жұмыстың аталуы | Орындаушының аты-жөні | Туған жылы, жасы | Тұрғылықты мекенжайы, телефоны, электронды поштасы | Білім беру ұйымы, сыныбы | Жетекшінің телефоны, электронды поштасы |
|---|-----------------------|------------------|--|--------------------------|---|
| «Жақсылық керуені» | | | | | |
| «Отаным - қасиетті туған жерім» | | | | | |
| «Мен – Қазақстанның азаматымын» | | | | | |
| «Менің ашық университеттерім» | | | | | |
| «Қазақстанның жеті кереметі» | | | | | |
| «Қазақстанның 100 жаңа есімі» | | | | | |
| «Жаңғырту полюсі» | | | | | |
| «Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар мен мағыналар» | | | | | |

* Аудандық/қалалық білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған өтінімдер қабылданады.

КЕЛІСІЛДІ

**Ақмола облысы білім
басқармасы басшысының
орынбасары**

 **В. Гамазов**

«15»  2024 ж.